

2022 жылға мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Түркістан облысы Отырар ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 24 қаңтардағы № 78 қаулысы. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18 бабының 7) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27 бабының 1 тармағының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы № 498 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14010 тіркелген) Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларына сәйкес, Отырар ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде 2022 жылға мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына осы қаулының қосымшасына сәйкес квота белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.Оралбайға жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Отырар ауданы әкімінің
міндетін атқарушы*

П. Жаппарқұлов

*Отырар ауданы әкімдігінің
2022 жылғы 24 қаңтардағы
№ 78 қаулысына қосымша*

Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы

№	Кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (%)	Мүгедектер үшін квота белгіленген жұмыс орындарының саны
1	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының " Отырар аудандық орталық ауруханасы " шаруашылық жүргізу	791		31

	құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны		4%	
2	Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы Отырар аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің " М.Әуезов атындағы жалпы орта мектебі " коммуналдық мемлекеттік мекемесі	185	3%	5
3	Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы Отырар аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің " Ш.Қалдаяқов атындағы мектеп-гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	213	3%	6
4	Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының Отырар аудандық № 2 "Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	79	2%	1